



1967 жылдың  
6 сәуірінен бастап шығады

№ 30 (2104)  
27 ақпан 2013 жыл

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

*Менің*

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы  
ҚазАТУ СТУДЕНТ  
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

# УНИВЕРСИТЕТИМ

*Құрметті Отандастар!*

Арнайы сан «Астана ЭКСПО - 2017»

Өздеріңізде білесіздер, қазақ елі, Астанада 2017 жылы өтетін халықаралық іс шараны өткізуге қызу дайындық үстінде. Міне, енді 4 жылдан кейін тәуелсіз Қазақстан EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізетін жаһандық орталыққа айналмақ. «Ең бастысы, Астананың тандалуы – Қазақстанның барша халқының күш-жігерінің нақты жемісі», – деп Қазақстан Президенті Н.Назарбаев атап өтті. Көрменің өту барысына біздің С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУдың ұжымы да нақты ат салыспақ.

Сонымен 4 жылдан кейін, кезінде Парижде – Эйфель мұнарасын, Лондонға – Хрусталь сарайын сыйлаған, ал Венаға әлемдегі ең үлкен мұнарасы бар павильон тұрғызған дүниежүзілік көрме Астанада өтетін болады. 2017 жылы егемен еліміздің елордасында өтетін бұл өркениет көрмесі шындығында да ғажап құбылыс!

Бәсі биік бәсекеде Астананың жеңіп шығуы бекерден бекер емес.

Біріншіден, елордамыздың әлемдік деңгейдегі шараны лайықты өткізе алатын орталық ретінде қалыптасқаны баршаға белгілі болды.

Екіншіден, таңдаудың Қазақстан пайдасына шешілуі мемлекетіміздің табыстары жоғары бағаланғанын білдіреді және Еуразия өңірінде де оның даму келешегі кемел екенін айғақтай түседі.

Үшіншіден, біздің «Болашақтың энергиясы» атты өзекті тақырыпты ұсынуымыз жеңіске жетуімізге көмектесті. Бұл орайда, энергетика саласының білікті мамаларын даярлап отырған біздің ЖОО-ының ұжымы да ыстық ықылыспен қабылдады.

Астана ЭКСПО қазақ елінің атын бар әлемге паш ететін дүбірлі шара, олай болса біздің баршамыз осы көрмені жоғарғы дәрежеде өткізуге ат салысамыз деп ойлаймын.



*Ректор А. Күрімбаев*

## Что такое Астана – ЭКСПО? Международная специализированная выставка «ЭКСПО-2017».

- Глава государства в своем обращении отметил, что решение о проведении «ЭКСПО-2017» в Астане является историческим событием.

- В результате тайного голосования на 152-й Генеральной Ассамблее Международного бюро выставок столица Казахстана, набрав большинство голосов, опередила бельгийский город Льеж, Бельгия и была объявлена местом проведения «ЭКСПО-2017»


- На выставках «ЭКСПО» все государства мира показывают свои лучшие технологические, научные, культурные достижения.



Они формируют новую повестку глобального развития. Такие мероприятия посещают миллионы людей из десятков стран со всех континентов.

- Выставки «ЭКСПО», которые имеют многолетнюю историю, проводятся для демонстрации технических и технологических достижений.

- Выставки являются крупнейшими событиями, привлекая внимание всей мировой общественности и миллионов посетителей. Кроме того, выставки «ЭКСПО» служат местом для формирования новых тенденций экономического, социального, культурного развития.



## • ЖАҢАЛЫҚТАР

### Чрезвычайный и Полномочный Посол Канады в РК посетил КазАТУ им.С.Сейфуллина

22 февраля 2013 года прошла встреча ректора КазАТУ им. С.Сейфуллина Куришбаева А.К. с Чрезвычайным и Полномочным Послом Канады в Республике Казахстан, Кыргызской Республике и Республике Таджикистан Стефаном Миллар, с советником агентства сельского хозяйства промышленности Канады по странам СНГ Дженнифер Феллоус и торговым уполномоченным посольства



Канады в области сельского хозяйства Гаухар Кыдырхановой.

В Канаде канадские вузы готовят прекрасные кадры для сельского хозяйства своей страны, и ректор КазАТУ отметил, что надо перенять этот опыт. В этой связи, очень важно укрепление взаимовыгодного сотрудничества не только между нашими странами, но и между нашими университетами, что послужит плодотворному развитию научно-образовательного сотрудничества Казахского агротехнического университета с вузами Канады.

#### «Ақ желкен» студенттік театрына 5 жыл

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Қоғамдық кәсіптер факультеті жанынан құрылған «Ақ желкен» студенттік театрына 5 жыл толды. Аталған мерейтойды студенттік театр ұжымы ерекше шығармашылық ізденіспен қарсы алды.

Университеттің профессор-оқытушылар ұжымы мен студенттері 19-25 ақпан аралығында студенттік театр құрамындағы жас өнерпаздардың шығармашылық жетістіктерінің куәсі болып, бірнеше драмалық қойылымдарды тамашалады.

Атап айтсақ, **19 ақпанда** М. Горький атындағы орыс драма театрында «Ақжелкен» студенттік театрдың күшімен Т. Ахтановтың «Күшік күйеу» шығармасы сахналанды. Бұл қойылым арқылы студенттер қала жастары мен ауыл жастарының өмірін суреттей келе, ұлттық мәдениетті, ана тілімізді, ұлттық тәрбиені

құрметтеудің маңызын насихаттады. Кейіпкерлер тілімен жастар: «Мәдениеттің екі аяғы бар. Оның бірі – ұлттық мәдениет, екіншісі – әлем мәдениеті» деп қорытын-



ды жасады.

**20 ақпанда** С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Концерт залында Р. Ибраеваның «Махаббат пен кесепат» драмасы қойылды. Бұл сахналық қойылым арқылы студент-жастар өз замандастарының атынан қазіргі қоғамда көрініс беріп отырған нашакорлық пен ішімдікке қарсы үн тастады.

**21 ақпанда** өткен қырғыз авторы Ч. Қалыбекованың «Мен де бақытты болғым келеді» атты драмалық қойылымы арқылы көрермендерді отбасы құндылығы, махаббат құдыреті, бір-біріне құрмет көрсету сияқты адами құндылықтар жайлы толғандырды.

Ал **25 ақпанда** Қ. Қуанышпаев атындағы Қазақ драма театрында «Мен әртіспін» театрландырылған концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мұнда «Ақжелкен» студенттік театрының құрамындағы студенттердің эстрадалық жанрдағы, поэзия әлеміндегі өнерлері тамашаланды. Жас өнерпаздарды құттықтаған университет ректоры, профессор А.Қ.Күрішбаев: «Қазақтың асыл ақыны Қадыр Мырзалиев: «Ұлттық сана рухани қазынаны, өнерді сүюден қалыптасады» деген екен. Осы қадамдарың арқылы Сендер тек өз бойларыңдағы шығармашылық ізденісті ғана емес, рухани байлығымызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге үлесқостыңдар» деп университет ұжымы атынан құттықтауын жеткізді.

#### «С.Сейфуллин атындағы КазАТУ-дың ректоры кубогі» үшін республикалық парламенттік пікірсайыс турнирі өтті

2013 жылдың 23-24 ақпан күндері С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің қабырғасында «Аманат» пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры кубогіне» арналған I дәстүрлі республикалық парламенттік пікірсайыс турнирі өткізілді. Турнирдің мақсаты жастар арасында «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасындағы

әлеуметтік даму, инфрақұрылымды дамыту, ауыл шаруашылығын жаңғырту сияқты сан алуан саладағы өзекті мәселелерді қарастыру, оңтайлы шешімдерін ұсыну, стратегияны жастар арасында жан-жақты насихаттау болып табылды.

Турнир Америкалық Парламенттік Формат бойынша өткізілді. «Үздік спикер» Линкольн-Дуглас (ЛД) пікірсайыс форматы бойынша анықталды. Турнирде әр лигадан (24) жиырма төрт топ, қазақ және орыс лигалары қатысып, жалпы (48) қырық сегіз топты құрады.

Турнирге қазақ және орыс лигаларына Қазақстанның Алматы, Семей, Қарағанды, Ақтау, Қостанай, Тараз, Көкшетау, Павлодар және Астана қалаларынан пікірсайысшылар қатысып, жаңа ойларымен бөлісті.

#### Соревнования по армрестлингу среди факультетов

22 февраля 2012 года в спорткомплексе университета прошли соревнования по армрестлингу в программе спартакиады среди факультетов. Всего 70 студентов боролись в 10 весовых категориях. По итогам соревнований определились следующие победители в своих весовых категориях: в весовой категории 55 кг – студент архитектурного факультета Д.Сейтжанов, в весовой категории 60 кг – студент агрономического факультета С.Анарбеков, в весовой категории 65 кг – студент факультета КСиПО А.Апасхан, в весовой категории 70 кг – студент экономического факультета Н.Ибрагимов, в весовой категории 75 кг – студент экономического факультета Т.Харсиев, в



весовой категории 80 кг – студент энергетического факультета Д.Васильев, в весовой категории 85 кг – студент экономического факультета Ж. Мамбетов, в весовой категории 90 кг студент энергетического факультета С.Ключко, в весовой категории 100 кг – студент технического факультета Б.Нурманов и в весовой категории свыше 100 кг – студент архитектурного факультета М.Омаров. Теперь чемпионы будут выступать в составе сборной университета в спартакиаде среди вузов г. Астана.

## Как сделали карту из почв?

# ПРЕЗЕНТАЦИЯ КАРТЫ КАЗАХСТАНА, СДЕЛАННОЙ ИЗ ПОЧВ



С этим вопросом журналист газеты «Менің университетім» пришла в цех, где создают уникальную карту, карту из почв Казахстана. Да, правильно я говорю, карта из почв, это и есть уникальный подарок студентов КазАТУ для международной выставки Астана ЭКСПО-2017.

Авторами идеи создания карты являются студентка четвертого курса факультета архитектуры Лала Танирбергенова и спикер студенческого Парламента Ерлан Клаубаев.

По словам Ерлана Клаубаева, каждый объект, изображенный на карте, имеет свое значение. Например, четыре горы символизируют единение и дружбу казахского народа, минералы – богатство казахской земли, сама почва обозначает плодородность казахской земли, вода – водные ресурсы Казахстана, цифра 161 указывает на количество стран-участников, 103 страны проголосовали за участие в Казахстане, 91 символизирует год Независимости Казахстана.

По словам Лалы Танирбергеновой, особенных трудностей не было. Студенты работали оперативно, но во время выбора гор были спорные вопросы, поэтому пришлось посоветоваться с преподавателями кафедры истории Казахстана.

Как говорится, самое главное – желание, остальное все по плечу. Активисты студенческого Парламента КазАТУ моделировали свой проект в стенах общежития. Над созданием карты студенты-активисты из Студенческого парламента КазАТУ трудились в течение одного месяца.

Это такой шедевр! «Карта из почв Казахстана» - уникальный подарок для Астана ЭКСПО-2017. Наша карта

станет первым экспонатом музея международной выставки!

**А. Гумарова**





## МОЙ КАЗАХСТАН

Наш Казахстан - чистейший воздух,  
Воздух степной и родной.  
Не существует прекрасней просторов,  
Чем степей казахских весной.

Под солнцем здесь орел парит,  
Под ним наш Казахстан простерся!  
В душе любовь к нему горит,  
По жилам рек эфир растекаясь.

Люблю я Родину свою,  
Зеленые деревья, травы,  
И буду призывать к тому,  
Чтобы любил и помнил каждый  
Великую степей страну,  
Великие, святые нравы.

Начало девяностых - переломный миг,  
Мы самосильность обрели и волюность.  
Душа исходит на благодарный крик -  
За бытность родиной моею благодарность.

В нашу страну весь мир влюблен.  
Здесь ЭКСПО, съезды, рай религий.  
Я славой нашей упоен.  
Велик, силен наш край великий!

Нас готов весь мир признать,  
Уж на плакатах всех «2017».  
Уже сейчас хочу я дань стране отдать,  
Науки достижения показать,  
К тому моменту мне как раз будет за двадцать

Весь мир слетится – 160 стран.  
Из них 103 безропотно согласие дали  
Присутствовать при радостном моменте том,  
Как при великом лидере своем  
Мы доказали, что умы свои науке мы отдали.

**Кайырден Зейнелов, студент ВиТЖ**

## Блиц опрос



В стенах Казахского агротехнического университета имени Сакена Сейфуллина студенты и преподаватели ответили на вопрос: Что вы скажете о международной выставке «Астана Экспо -2017?».

**Салтанат Акимовна, руководитель отдела международных отношений**

- Предстоящая выставка является грандиозным мероприятием для всего Казахстана. Я очень рада, что выставка будет проходить в Астане. Это будет хорошим стимулом для укрепления международных отношений.

**Молдагалиева Асемгуль, студентка 2 курса архитектурного факультета**

- Это очень круто. Для Казахстана отличная возможность пригласить множество туристов. И показать всему миру архитектурные здания Казахстана.

**Газизова Айгуль Идрисовна, заведующая кафедрой морфологии микробиологии и биотехнологии**

- Проведение выставки в нашей стране означает, что Казахстану доверяют. За 20 с лишним лет Казахстан достиг многого на мировой арене.

**Антроповская Татьяна, студентка 2 курса экономического факультета**

-Международная выставка поднимет уровень страны. Покажет всему миру, что мы не уступаем в развитии другим странам.

**Клаубаев Ерлан, студент 3 курса технического факультета**

-Отличный проект для Казахстана. О нас узнают миллионы, и будет говорить весь мир о Казахстане. Я очень рад, что выставка пройдет именно у нас.

*Блиц опрос вела студентка ВиТЖ Армангуль Жунусова*



*Құрметті,  
Несібелді Мұсағалиқызы!!!  
Сізді әріптестеріңіз бүгінгі мерей тойыңызбен, 60 жастың асқарын бағындыруыңызбен құттықтай отырып, деніңізге саулық тілейді. Отбасыңыз бақ-береке мен нұрлы шапағатқа толсын!!!  
Өмір-өзен өткелдерінде Сізге достарыңызбен, туыстарыңызбен жарқын кездесулер мен қуанышты оқиғаларды нәсіп етсін!!!*

*Ізгі тілекпен, физика және химия кафедрасының ұжымы*

**С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.**

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 16.04.2012 жылы № 12645-Г куәлігі берілген.  
Баспасөз орталығының Директоры Талғат Маханов

Бас редактор Равиль Нұржанов  
Дизайн және беттеуші Жансая Омарова  
Редакцияның мекен-жайы: Астана қ, Жеңіс даңғылы, 62  
Байланыс телефоны: 8 /71 72/ 39 57 07  
Газет ай сайын шығады, таралымы 1 000 дана.